Аудандық газет 1928 жылдан бастап шығады

# Nur Qorǵaljyn

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 37 (629) БЕЙСЕНБІ 12 ТАМЫЗ 2021 ЖЫЛ




## Спорт салауатты өмірдің кепілі

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында "Спорт күні" мерекесіне орай Қорғалжын ауданында жүгірушілер спорттық эстафетасы өтті.**



Іс шараға аудандық мәслихат хатшысы Б.Рыспаев, аудан әкімінің аппараты басшысының міндетін атқарушы Д.Бейсембеков, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Г.Сыздықова спортшыларды құттықтап, спорт ардагерлеріне аудан әкімінің алғыс хатын табыстады.



## Қорғалжын ауданы бойынша 3094 адам вакцина алды

**Бүгінгі таңда Қорғалжын ауданындағы вакцина алуға жататын 3716 тұрғынның 3084 азамат вакцинаның 1 компонентімен егілді, бұл 83,2% құрайды. Ал 2 компонентпен егілгендер саны 2370 яғни 63,7%. Алдымыздағы апта көрсеткіші бойынша күніне 20-25 адам екпе алса, осы аптада 15-40 адам вакцина лауға келген. Барлық статистикалық ақпаратты ауданның орталық ауруханасы беріп отыр.**







## Все гос услуги доступны по одному номеру!

Для удобства населения было принято решение о расширении возможностей 1414, что позволило предоставлять консультативную помощь и по социальным вопросам, закрыв короткий номер 1411.

Теперь вопросы, касающиеся оформления пенсии и пособия, АСП, работы портала социальных услуг, трудовых отношений и занятости населения можно задать, позвонив в единый контакт-центр 1414, нажав добавочный номер 5.

1414 помогает населению по социально-трудовым вопросам с 9.00 до 18.30 часов с понедельника по пятницу и с 9.00 до 13.00 часов по субботам (воскресенье – выходной), звонок бесплатный.

Получить самые популярные гос услуги также можно через наш телеграм-бот @kenes1414bot

## Құрметті Қорғалжындықтар және спорт сүйер қауым мен спорт ардагерлері!

**Баршаңызды Қазақстан Республикасының Спорт күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!**

Мемлекетіміз дене шынықтыру мен спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесіне үлкен көңіл бөліп отыр. Елбасы бізге дене тәрбиесі мен бұқаралық спортты дамыту мақсатында спорт нысандарын көптеп салуды, халық арасында саламатты өмір салтын барынша насихаттауды тапсырды. Қазір осы бағытта ауданымызда айтарлықтай жұмыстар жасалып жатыр.

Бүгінгі таңда ауданда 1500 орындық 1 стадион, 4 хоккей корты, 3 ату тирі, 14 спорт зал, 29 спорттық алаңша бар. Жыл сайын ересектер арасында 4 аудандық спартакиада өткізіледі. Тек биыл пандемияға байланысты жаппай спорттық іс шаралар өткізе алмадық. Ауданымызда 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бар. Осы мектепте спорттың 7 түрі бойынша 383 балалар мен жасөспірімдер спортпен айналысады.

Елбасының Жолдауында 2020 жылға дейін Қазақстан халқының отыз пайызын бұқаралық спортқа тарту туралы айтылған болатын. Бүгінгі күні біз осыған қол жеткізіп отырмыз. Алдағы уақытта «Нұр Отан» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» 2025 жылға дейін сайлауалды бағдарламасын іске асырудың жол картасы негізінде ауданымызда дене шынықтыру-сауықтыру кешені (ФОК) және аудан бойынша 5 спорт алаңын, 6 хоккей кортын, 2 футбол алаңын салу жоспарлануда.

**Құрметті спорт ардагерлері мен спортшылар!**

Мерекелеріңіз құтты болсын! Денсаулықтарыңызға саулық тілеймін! Ауданымыздың спорт саласындағы жетістіктері мен табыстары арта берсін! Жеңісті күндер көп болсын!

Қазақстан Республикасы «Спорт күні» мерекесіне орай Қорғалжын ауданы спорт саласының дамуына қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіремін!

Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, ұзақ өмір тілеймін. Туған жеріміз – Егеменді еліміз, Тәуелсіз Қазақстанымыз гүлденіп, көркейе берсін!




## Қорғалжын ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі ескертеді!



**Егін орағына қатысатын мехонизаторлар мен жұмысшылар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтағаны тиіс.**

- Егін алқаптары айналасы мен техникалардың жанар жағар май құю жөндеу дәнекерлеу тамақ дайындау жұмыстары жүргізілетін орындар 4 метр ендік минералдандырылған жолақтармен жыртылуы қажет.

- Техникалар ұшқын сөндіргішпен алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс. Техникалардың ақаусыз жұмыс істеуі дұрыс болу керек.

- Темекі шегуге ашық оттарды пайдалануға тиым салынады.

- Шаруа қожалықтарының басшысы күнделікті жұмыс алдында өртке қарсы нұсқаулықпен жұмысшаларды таныстыру керек.

- Егін орағы кезінде Трактор соқасымен және 3 тонналық өрт өшіруге арналған водовоз (су бар тіркеме) болуы керек.

- Егер Сіз өрт немесе жану оқиғасын байқасаңыз тез арада «101» «112» телефондарына хабарласыңыз.

**Қорғалжын ауданының**
**Төтенше жағдайлар бөлімі**




# Шөп шабу кезеңінде өрт қауіпсіздік ережесін сақтау!

**Қазіргі уақытта Қорғалжын ауданында шөп шабу жұмыстары қыза жүруде. Қорғалжы ауданы ТЖБ-нің қызметкерлерімен қазіргі уақытта шабындық басында өрттің алдын алу жұмыстары шаруашылық басшыларымен және жеке тұлғаларға нұсқаулық беру арқылы жүргізілуде.**

Шөп бірінші кезекте – от үшін ең жеңіл өндіру.

Бұл өрт қауіпті кезеңінде жай ғана оттың ұшқыны өртке әкеп соқтарады, аз уақыттың ішінде әжептәуір мал азығын жоюы мүмкін, ал одан әрі бақыланбайтын дала алқаптарына апат таратылып, ауыл ішіне жайылып, тұрғын үй және шаруашылық құрылыстарға қаупін тудыра отырып жояды. Ауыл тұрғындарына, аудан басшыларымен шаруашылық мамандарына тағыда еске салатын жай, бұл өрт көбінесе жиі, комбайндар мен автомобильдердің, тракторлардың қозғалытқыш түтіктерінен шығатын ұшқын.

Шөп шабу уақытында, көбінің өрт қауіпсіздік ережелері есінде болама, Өйткені, олар өрт қауіпсіздік ережесін сақтамаған кезде қаншама шөп шабу еңбегі заяға кетеді.

Статистика бойынша, жазғы уақытта жиі өрттер жер үй иелерінің кінәсінен болады, өйткені олар отты абайсыз қолданбайды, шөп сақтау кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін бұзады. Олар көбіне шөпті үйдің, моншаның немесе шаруашылық құрылыстың жанына жақын үйеді. Көбіне өрттің себебі. Балалардың отпен ойнауынынан болып, ата-аналары сол үшін жауапты болады. Шөпті өртке қарсы отқа жанбайтын материалмен қоршалған қосымша сарайларда сақтауға рұқсат беріледі. Өрт қауіпсіздігінің жауапкершілігі тұрғын үйлер, гараж, шаруашылық қора-жайлары, қордаланған шөпке , мүлік иелері жауапты болып табылады.

Шөп сақтау кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Шөп жинау кезінде өртті болдырмау үшін, өрт қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Шөпті жинар алдында тұлғалар өртке қарсы нұсқамамен танысып, бастапқы өрт сөндіру құралдарын дайындау керек;

Шөпті дайындауда шаруашылық техникасы іске қосылу керек, жарамды ұшқын сөндіргішпен жабдықталуы, коректендіру, оталдыру, майлау реттелген жүйесі болуы тиіс. Белгіленген тәртіппен тіркеуден өтпеген өз техникаңды қолдануға тыйым салынады; дәнекерлеу жұмыстарын далалық жағдайда жүргізуге жол берілмейді.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шөп шабу уақытында шөппен айналысатын шаруашылық басшыларының, субъектілер және жеке тұлғаларға тікелей жауапкершілік жүктеледі.

**Қорғалжын ауданының**
**Төтенше жағдайлар бөлімі**

# Первая партия китайской вакцины Sinopharm прибыла в Казахстан

**Сегодня по итогам проведенных переговоров с Китайской Народной Республикой самолёт с первой партией вакцины Sinopharm от коронавируса прибыл в Алматы на склады Единого дистрибьютора СК-Фармация, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на сайт Министерства здравоохранения Республики Казахстан.**

На основании поручении Межведомственной комиссии по нераспространению коронавируса в РК и Министерства здравоохранения РК, Единый дистрибьютор осуществил закуп 4 млн. доз вакцины от Covid-19 Sinopharm, разработанной Пекинским институтом биологических продуктов.

Первая партия китайской вакцины Sinopharm состоит из 1 млн. доз. Вакцина Sinopharm станет пятой зарегистрированной вакциной в РК, которая в ближайшие дни будет доступной для вакцинации против коронавирусной инфекции граждан Республики Казахстан.

После завершения процедуры стикерования вакцины, в оперативном порядке согласно разнарядки КСЭК МЗРК будет направлен в регионы страны.

Логистика иммунобиологических препаратов Единым дистрибьютором осуществляется с соблюдением всех стандартов GMP и GDP, а также «холодовой цепи». Особенность вакцины Sinopharm в том, что, процесс ее доставки не требует морозильной камеры, хранится и транспортируется при температуре плюс +2 +8 градусов.

Китайская вакцина от Sinopharm была одобрена ВОЗ к применению 7 мая 2021 года. Вакцина инактивированная, двухдозная. Срок хранения – 24 месяца.

В июле вакцина против COVID-19 китайской компании Sinopharm вошла в банк вакцин COVAX. Глобальный альянс по вакцинам и иммунизации (GAVI) объявил о заключении соглашений с китайской компанией




Sinopharm.

Это первый китайский препарат, классифицированный ВОЗ как безопасный и эффективный, разрешен для вакцинирования взрослых в 45 странах. На сегодняшний день, помимо Китая, вакцина одобрена к производству в ОАЭ и Сербии. Вместе с тем, Китай и ОАЭ одобрили экстренное использование инактивированной вакцины китайской фармакологической компании Sinopharm для детей в возрасте от 3 до 17 лет.

Напомним, в конце апреля Казахстан уже закупал миллион доз препарата Пекинского института биологической продукции компании Sinopharm, выпущенного в ОАЭ под торговым названием Hayat-Vax.

За оперативное взаимодействие в своевременном проведении необходимых процедур по перевозке и доставке столь важного груза в страну выражается признательность и благодарность руководству и коллективу Комитета гражданской авиации МИИР РК и авиакомпании АО «ЭйрАстана».

**Справочно:**

Транспортировка вакцины ведется по принципу «холодовой цепи» — на каждом из этапов обеспечивается строгое поддержание температурного режима. При этом на каждом уровне – своя ответственная организация.

Транспортировка вакцин проходит в 4 этапа:

1. От производителя до хабов Единого дистрибьютора;
2. От хабов Единого дистрибьютора на склады управлений здравоохранения регионов;
3. От складов управлений здравоохранения регионов в медицинские организации;
4. Хранение в медицинских организациях до применения.

*Все права защищены. Используйте активную ссылку на inform.kz https://www.inform.kz/ru/pervaya-partiya-kitayskoy-vakciny-sinopharm-pribyla-v-kazahstan_a3822164*

## Порядок регистрации прав на объекты недвижимости, построенных на территориях государственных национальных природных парков

**Департамент регистрационной службы и организации юридических услуг Министерства юстиции касательно порядка регистрации прав на объекты недвижимости, построенных на территориях государственных национальных природных парков, сообщает следующее.**

В соответствии с пунктом 3 статьи 122 Земельного кодекса (далее-Кодекс) особо охраняемые природные территории могут использоваться для научных, культурно-просветительных, учебных, туристских и рекреационных, ограниченных хозяйственных целей в порядке и на условиях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

Согласно пункту 2 статьи 46 Закона «Об особо охраняемых природных территориях» (далее - Закон) участки государственных национальных природных парков для осуществления туристской и рекреационной деятельности предоставляются в краткосрочное пользование на срок до пяти лет и в долгосрочное пользование на срок до двадцати пяти лет. Предоставление этих участков осуществляется в соответствии с правилами осуществления туристской и рекреационной деятельности в государственных национальных природных парках.

Пунктом 15 Правил осуществления туристской и рекреационной деятельности в государственных национальных природных парках, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 7 ноября 2006 года № 1063 (далее - Правила) предусмотрено, что национальный парк готовит тендерную документацию на предоставление участка национального парка в долгосрочное пользование, выставляемого на тендер, которая утверждается приказом первого руководителя национального парка или лица, его замещающего.

Тендерная документация предусматривает содержание сроков разработки проектно-сметной документации (далее - ПСД) и строительства объектов (при этом срок разработки ПСД устанавливается не более одного календарного года, а срок строительства объекта не более трех календарных лет).

С момента подписания протокола итогов тендера национальный парк направляет победителю тендера уведомление о результатах тендера и заключает в течение десяти рабочих дней договор долгосрочного пользования участком для осуществления туристской и рекреационной деятельности (далее – договор) в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан (пункт 32 Правил).

После заключения договора победитель тендера признается пользователем участка национального парка.

Согласно пункту 1 статьи 46-1 Закона строительство объектов на участках государственных национальных природных парков, представленных в пользование для осуществления туристской и рекреационной деятельности, производится в соответствии с договором долгосрочного пользования, заключенным физическими, юридическими лицами или частными партнерами с государственным национальным природным парком, и по проектной (проектно-сметной) документации, разработанной в соответствии с эскизом (эскизным проектом).

В соответствии с подпунктом 5) пункта 1 статьи 64 Кодекса землепользователь (арендатор) имеет право возводить на праве собственности, хозяйственного ведения, оперативного управления жилые, производственные, бытовые и иные здания (строения, сооружения) в соответствии с целевым назначением земельного участка с учетом зонирования земель.

При этом, пункт 6 статьи 52 Кодекса устанавливает, что в тех случаях, когда землепользователь (арендатор) в порядке, установленном подпунктом 5) пункта 1 статьи 64 Кодекса, приобретает право собственности на возведенные на земельном участке с разрешения собственника земельного участка и при наличии согласований соответствующих служб здания (строения, сооружения), по истечении срока договора земельный участок подлежит возврату.

Соглашением сторон может быть установлен иной порядок реализации прав собственника зданий (строений, сооружений), возведенных на чужом земельном участке.

Учитывая изложенное, права на построенные объекты недвижимости подлежат регистрации в правовом кадастре за пользователями земельных участков на территории государственного национального природного парка в порядке установленном статьей 20 Закона «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество».

Настоящее разъяснение в соответствии с Законом «О правовых актах» не является актом официального разъяснения нормативного правового акта, не имеет обязательной юридической силы и носит рекомендательный характер.

**Отдел Коргалжынского района по регистрации и земельному кадастру филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация» Правительство для граждан» по Акмолинской области**

## Ақмола облысында "Игі істер автобусы" акциясы басталды

**Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу және "Игі істер марафоны" жобасын іске асыру аясында бүгін өңірде колледж қызметкерлері мен студенттерінің қатысуымен "Игі істер автобусы" акциясы басталды, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.**

Білім басқармасынан атап өткендей, жобаның негізгі мақсаты ауыл тұрғындарын қолдау, әлеуметтік жобалау идеяларын, волонтерлік құндылықтары мен тәжірибесін насихаттау, студент жастарды қоғам мәселелерін шешуге тарту болып табылады.

"Волонтерлік бастамаларды іске асыру аясында әрбір мемлекеттік колледжде жазғы кезеңде қызметкерлері мен 3-4 курс студенттерімен "Игі істер автобусы " жүреді. Олар халыққа шаштараз сервисі, тігін бұйымдарын ұсақ жөндеу, ағаш ұстасы, дәнекерлеу қызметі, цифрлық технологиялар саласындағы қызметтер көрсетеді. Студенттер арасынан волонтерлер елді мекендердің оқушыларымен бос уақытты ұйымдастырады, спорттық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар, үйірме сабақтарын өткізеді. Жоспарланған қамту 5 мың адамды құрайды", - деп хабарлады ведомстводан.

Әрбір "Игі істер автобусы" аумақтық әкімдіктермен келісілген өзінің жүру бағытына ие болады, осы ауылдық округтердің тұрғындары ерікті студенттер ұсынатын қызметтер спектрі туралы алдын ала хабардар етілетін болады.

Осы автобусқа қосымша 6 біліктілік бойынша халықты қысқа мерзімді оқыту курстарының қызметтерін ұсыну үшін екі мобильді оқу орталығы қосылатын болады.

"Игі істер автобусының" алғашқы шығуы Атбасар қаласының аграрлық-индустриялық колледжінің студенттері мен оқытушыларының қатысуымен Атбасар ауданының Тельман ауылдық округіне өтті.

Сапар барысында еріктілер Тельман ауылының тұрғындарына шаштараз қызметтерін, компьютерлік техниканы жөндеу және түрлі бағдарламаларды орнату бойынша қызметтерді көрсетті, жалғыз тұратын адамдардың үйлері мен аула аумақтарын тазалау бойынша көмек көрсетті, Акимовка және Поповка ауылдарындағы аз қамтылған отбасыларының балаларына кеңсе керек-жарақтары бар пакеттерді сыйға тартты.

"Барлығының көңіл-күйі жағымды. Өйткені, адамдарға көмектесу арқылы сіз оларды бақытты етесіз. Жақсы көңіл-күймен және жетістік сезімімен біз үйге ораламыз. Ал ертең бізді Ярославль ауылдық округі күтіп тұр", - деді өндірістік оқыту шебері Орынбасар Баимбетова.

Айта кетейік, облыста 94 мамандық бойынша 26 мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары дайындық жүргізуде. Оқумен барлығы 14 мың студент қамтылған.

ЖАСТАР КҮНІ

## Қорғалжын ауданының іскер жастары



### Текенов Уалихан Қанатұлы!

1996 жылы 1 наурыз күні Қорғалжын ауданында дүниеге келген. Қорғалжын ауданындағы №1 Қорғалжын мектеп гимназиясын 2013 жылы аяқтады. 2013 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетіне оқуға түсіп 2018 жылы құқықтану мамандығы бойыншатәмамдады. Қазіргі таңда Қорғалжын аудан әкімдігі құжаттарды қамтамасыз ету бөлімінің маманы болып жұмыс жасайды.

### Тоташев Еламан Зейноллаұлы!



1996 жылы 6 желтоқсан күні Қорғалжын ауылында дүниеге келген. 2003 жылы Қорғалжын мектеп гимназиясының табалдырығын аттап, 2014 жылы аяқтады. 2014-2018 жылы Қазақ технология және бизнес университетінің Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша оқуын тәмамдады. Қазіргі таңда Қорғалжын ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің бас маман (инспектор) болып жұмыс атқарады. Хоббиі: волейбол, балық аулау.

### Айкишева Салтанат Бейсембайқызы!



1995 жылы 15 тамыз күні Ақмола облысы, Қорғалжын ауылында дүниеге келген. 2012 жылы Коргалжын ауданындгы «Достық орта мектебі» ММ-сін аяқтап, «Астана гуманитарлық колледжі», «ағылшын тілі пәні» мамандығына оқуға түсті. Оқуды «үздік» аяқтап, Қорғалжын ауданы, «Достық орта мектебі» ММ-не, ағылшын тілі пәні мұғалімі лауазымы бойынша жұмысқа орналасқан. Білімін жоғарылату мақсатында Қостанай қаласындағы академик З.Алдамжар атындағы мемлекеттік алеуметтік-техникалық университетінің, «шет тілі филологиясы» мамандығын тәмәмдады. Жұмыс отілім 5 жыл. Қазіргі таңда «АҚтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін» КММ-де директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары лауазымында еңбек жолын жалғастырып келеді. 2018 жылдан бері оқушылары Республикалык "IQanat" олимпиадасының қатысушылары мен кезең жеңімпаздары. Биылғы 2020-2021 оқу жылында 9-сынып оқушысы Амангельдинов Таубажан, олимпиаданың Республикалық кезеңіне өтіп, жеңімпаз атанып, Бурабай қаласында орналасқан «IQanat high school» мектебіне, тегін оқуға сертификат ұтып алды.

### Сарсенбай Сырым Болатұлы!



1998 жылы 18 маусым күні Нұр – Сұлтан қаласында дүниеге келген. 2005 жылы №53 мектеп лицейінің табалдырығын аттап, 2014 жылы аяқтады. 2014-2018 жыл аралығында «Даналық» медициналық колледжінің фельдшер мамандығы бойынша оқуын тәмамдады. Қазіргі таңда ШЖҚ МКК Қорғалжын аудандық ауруханасында учаскелік медбрат болып жұмыс атқарады. Сырым салауатты өмір салтын ұстанып, бос уақытында футбол, бокс және волейболмен айналысқанды жақсы көреді.

### Шопанова Жанар Мейрамбайқызы!



Шопанова Жанар 1994 жылы 6 желтоқсанда Қорғалжын ауданында дүние есігін аштым. Өскен жерім Қорғалжын ауданы Кеңбидайық ауылы. Он бір жылдық орта білім алып, 2012 жылы Астана қаласы Еуразия Гуманитарлық институтына оқуға түсіп, 2016 жылы "Қазақ тілі және әдебиеті" мамандығы бойынша "Бакалавр" академиялық дәрежесіндегі жоғарғы оқу орнын тәмамдадым. Кеңбидайық орта мектебінде мұғалім болып жұмыс атқардым, 2018 жылы Астана қаласы Еуразия Ұлттық университетіне оқуға түсіп, магистр дәрежесін алдым. Қазіргі таңда Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарудамын. Сонымен қатар, Қорғалжын аудандық мәслихат депутаты болып сайландым. Жеке басыма келер болсақ, тұрмыс құрмағанмын.

### Ерубаев Олжас Алдабергенулы!



13.02.1992 жылы дүниеге келген. 20.08.2014 жылдан бастап Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығында мемлекеттік инспектор лауазымында нәтижелі еңбек етті. Еңбекқорлығы мен жұмысқа едеген ынтасы бағаланып, 10.08.2020 жылдан бастап Қорықты қорғау бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Бүгінде ауданымыздағы болашағынан зор үміт күттіретін жастрдың бірі.

## Барлық мемлекеттік қызмет бір нөмірден қолжетімді!

**Халыққа ыңғайлы болу үшін 1411 қысқа нөмірін жаба отырып, 1414-тің әлеуметтік мәселелер бойынша кеңес беру мүмкіндіктерін кеңейту туралы шешім қабылданды.**

Енді зейнетақы мен жәрдемақыны, атаулы әлеуметтік көмекті ресімдеу, әлеуметтік қызметтер порталының жұмысы, еңбек қатынастары мен халықты жұмыспен қамту туралы сұрақтарды 1414 Бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалып, қосымша 5 нөмірін басу арқылы алуға болады.

Әлеуметтік сұрақтар бойынша 1414 халыққа дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін (жексенбі-демалыс)көметесе алады, қоңырау - тегін.

Ең танымал Мемлекеттік қызметтерді біздің @kenes1414bot телеграмм-бот арқылы да алуға болады.

# Меры пожарной безопасности в отопительный сезон



НЕ ОСТАВЛЯЙТЕ без присмотра топящиеся печи, зажженные керосинки, керогазы, примусы, включенные электронагревательные и газовые приборы.

НЕ ДОПУСКАЙТЕ одновременного включения в электросеть нескольких мощных потребителей электроэнергии (электроплита, электрокамин, чайник и др.), вызывающих перегрузку электросети.

СЕРЬЕЗНУЮ ОПАСНОСТЬ представляет использование нестандартных самодельных отопительных приборов.

СЛЕДИТЕ за исправностью всех электробытовых приборов.

НЕДОПУСТИМО оставлять включенными газовые приборы без присмотра. Над газовой плитой нельзя сушить белье.

НЕЛЬЗЯ: при наличии запаха газа в квартире включать электроосвещение, зажигать спички, курить, применять открытый огонь. В этом случае необходимо немедленно вызвать аварийную службу газа и до ее прибытия тщательно проветрить помещения.

Открывая кран газопровода, следует проверить, закрыты ли краны у газовых приборов. Перед тем, как зажечь газовую горелку, нужно зажечь спичку, а затем открывать кран горелки.

НЕ ДОПУСКАЙТЕ отогревание замерзших труб паяльной лампой или факелом.

Не оставляйте детей дома одних, когда горит газовая плита, топится камин, печь или включены электроприборы.

ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ОТОПИТЕЛЬНЫХ ПРИБОРОВ запрещено пользоваться электропроводкой с поврежденной изоляцией.

НЕ УСТАНАВЛИВАЙТЕ электронагревательные приборы вблизи сгораемых предметов.

НЕ ЗАБЫВАЙТЕ, уходя из дома, выключать все электронагревательные приборы. НЕ ПРИМЕНЯЙТЕ для розжига печей бензин, керосин, и другие легковоспламеняющиеся жидкости.

СЛЕДИТЕ за расстоянием от топочного отверстия печи до мебели, постелей и других сгораемых приборов. Это расстояние должно быть не менее 1,25 м.

НЕ ЗАБЫВАЙТЕ очищать от сажи дымоходы перед началом отопительного сезона и через каждые три месяца в течение всего отопительного сезона.

НЕ ПОЛЬЗУЙТЕСЬ печами, имеющими трещины, неисправные дверцы, недостаточные разделки от дымоходов до деревянных конструкций стен, перегородок перекрытий.

НЕ ЗАБЫВАЙТЕ: для отвода дыма следует применять строго вертикальные дымовые трубы без уступов. Толщина стенок дымовых каналов из кирпича должна быть не менее 120 мм.

ПОЗАБОТЬТЕСЬ о том, чтобы около печи был прибит предтопочный лист (размером не менее 70х50 см).

Уважаемые жители!

В СЛУЧАЕ ПОЖАРА ИЛИ ПОЯВЛЕНИЯ ДЫМА НЕМЕДЛЕННО СООБЩИТЕ В ПОЖАРНУЮ ОХРАНУ ПО ТЕЛЕФОНУ 101 или 112, УКАЗАВ ТОЧНЫЙ АДРЕС.

ПОМНИТЕ! Безусловное выполнение противопожарных мероприятий исключит опасность пожара в вашем доме.

**ОЧС Коргалжынского района**

В связи со смертью гражданина Лабузова Василий Андреевича умершего 18 февраля 2010 года, открылась наследство. Наследников просим обратиться к нотариусу Саутовой С.М.



# Қазақстан балаларға егуге болатын Қытай вакцинасының 4 млн дозасын сатып алды

**Қазақстан Қытайдың Sinopharm компаниясы шығарған коронавирусқа қарсы вакцинаның 4 млн дозасын сатып алды, деп хабарлайды ҚазАқпарат ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне сілтеме жасап.**

Бұған дейін Алматыға Sinopharm-ның Vero Cell вакцинасының бірінші партиясы жеткізілгенін жазған болатынбыз.

Денсаулық министрлігі вакцинаға қатысты толық мәлімет берді. Оған сәйкес, бүгін, 10 тамызда Қытай Халық Республикасымен жүргізілген келіссөздердің қорытындысы бойынша коронавирусқа қарсы Sinopharm вакцинасының бірінші партиясы тиелген ұшақ Алматыға бірыңғай дистрибьютор СҚ-Фармацияның қоймаларына келді.

«Қазақстанда коронавирустың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасы негізінде Бірыңғай дистрибьютор Бейжің биологиялық өнімдер институты әзірлеген Covid-19-ға қарсы Sinopharm вакцинасының 4 млн дозасын сатып алуды жүзеге асырды.

Sinopharm Қытай вакцинасының бірінші партиясы 1 млн дозадан тұрады. Sinopharm вакцинасы жақын күндері Қазақстан Республикасының азаматтарына коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялау үшін қолжетімді болатын ҚР-да бесінші тіркелген вакцина болады», - делінген министрлік ақпаратында.

Вакцинаны стикерлеу рәсімі аяқталғаннан кейін ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің рұқсат қағазына сәйкес жедел тәртіпте еліміз өңірлеріне жіберіледі.

«Бірыңғай дистрибьютор иммунобиологиялық препараттардың логистикасын GMP және GDP барлық стандарттарын, сондай-ақ «суық тізбекті» сақтай отырып жүзеге асырады. Sinopharm вакцинасының ерекшелігі - оны жеткізу процесі мұздатқышты қажет етпейді, +2 +8 градус температурада сақталады және тасымалданады.

Қытайдың Sinopharm вакцинасын ДДСҰ 2021 жылдың 7 мамырында қолдануға мақұлдады. Вакцина белсенді емес, екі дозалы. Сақтау мерзімі - 24 ай», - деп нақтылады министрліктен.

Ведомство мәліметінде, шілде айында Қытайдың Sinopharm компаниясының коронавирусқа қарсы вакцинасы COVAX вакциналар банкіне енді.

«Вакциналар мен иммундаудың жаһандық альянсы (GAVI) қытайлық Sinopharm компаниясымен келісім жасайтындығын жариялады.

Бұл ДДСҰ-мен қауіпсіз және тиімді деп жіктелген алғашқы қытай препараты, 45 елде ересектерге вакциналауға рұқсат етілген. Бүгінгі таңда Қытайдан басқа, вакцина БАӘ мен Сербияда өндіруге мақұлданды. Сонымен бірге, Қытай мен БАӘ Қытайдың Sinopharm фармакологиялық компаниясының белсенді емес вакцинасын 3 пен 17 жас аралығындағы балаларға шұғыл қолдануды мақұлдады», - деді ҚР ДСМ-нан.

Естеріңізге сала кетейік, сәуір айының соңында Қазақстан БАӘ-де Hayat-Vax сауда атауымен шығарылған Sinopharm компаниясының Бейжің биологиялық өнімі институты препаратының миллион дозасын сатып алған болатын.

Денсаулық сақтау министрлігі осындай маңызды жүкті елге тасымалдау және жеткізу бойынша қажетті рәсімдерді уақытылы жүргізуде жедел өзара іс-қимыл жасағаны үшін ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитетінің және «ЭйрАстана» АҚ авиакомпаниясының басшылығы мен ұжымына ризашылық пен алғыс білдірді.

Айта кетейік, вакцинаны тасымалдау «суық тізбек» қағидаты бойынша жүргізіледі - әрбір кезеңде температуралық режимді қатаң сақтау қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, әр деңгейде - өзінің жауапты ұйымы бар. Вакциналарды тасымалдау 4 кезеңде жүзеге асырылады:

1. Өндірушіден Бірыңғай дистрибьютордың хабтарына дейін;
2. Бірыңғай дистрибьюторлардың хабтарынан өңірлердің денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларына;
3. Өңірлердің денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларынан медициналық ұйымдарға;
4. Медициналық ұйымдарда қолданғанға дейін сақтау.

*Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз https://www.inform.kz/kz/kazakstan-balalarga-eguge-bolatyn-kytay-vakcinasynyn-4-mln-dozasyn-satyp-aldy_a3822169*

Құрылтайшы меншік иесі: ЖШС «Нұр-АяуЖан» Б. Шайзада
Бас редактор: Ботагөз Сембайқызы

Мекен-жайы: Ақмола облысы, Қорғалжын ауылы, Досымсейіт Отарбеков көшесі 9, тел: +77756709906 +77026437002

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде тіркеліп, №12797-Г куәлік алған (01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын» «Нұр-АяуЖан» ЖШС редакциясында теріліп жиналды, «Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30, Тапсырыс № 647 Таралымы 600 дана Аптаның әр бейсенбі күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның көз-қарасын білдірмейді.
*******
Қол жазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
*******
Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
*******
Ұсынылған материалдардағы фактілер үшін автор жауап береді
*******
Интернеттен алынған ақпараттар басқа автор атынан жарияланбайды.